

## Қобда аудандық Қоғамдық Кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ

Қобда ауылы

№4

2023 жылғы 8 маусым  
сағ 10:00

**Өткізілген орны:** Аудан әкімі аппаратының кіші мәжіліс залы

**Қатысушылар:** Баяндамашылар, кеңес мүшелері, БАҚ өкілі

### Күн тәртібінде:

1. Аудан мектептерінде білім сапасын және тәрбие жұмысы деңгейін көтеру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы

**Баяндамашы:**

**Айжарықов Нұрлыбай Өзбекұлы** – аудандық білім бөлімінің басшысы.

2. Қобда ауылын абаттандыру-көгалдандыру бағытында атқарылатын жұмыстар туралы

**Баяндамашы:**

**Кульниязов Марат Жалғасұлы** – Қобда ауылдық округінің әкімі

3. Жолаушы тасымалы бойынша жұмыстар және негізсіз баға өсірмеу туралы

**Баяндамашы:**

**Мадияр Талғат Майлыбайұлы** – аудандық құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы

**Қосымша баяндамашылар:**

**Тулешова Күнзия Қайырзаманқызы** – аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы

**Жекеев Болат Жұмағазыұлы** – Қобда ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы

4. Қоғамдық Кеңес құрамына толықтырулар енгізу туралы

### Тыңдалды:

**Баяндамашылар:**

1. Аудандық білім бөлімінің басшысы Айжарықов Нұрлыбай Өзбекұлы (баяндама қосымша тіркелді)

2. Қобда ауылдық округінің әкімі Кульниязов Марат Жалғасұлы (баяндама қосымша тіркелді)

3. Аудандық құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Мадияр Талғат Майлыбайұлы (баяндама қосымша тіркелді)

**Қосымша баяндамашылар:**

Аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Тулешова Күнзия Қайырзаманқызы (баяндама қосымша тіркелді)

Қобда ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Жекеев Болат Жұмағазыұлы (баяндама қосымша тіркелді)

**1-баяндама бойынша сұрақ-жауап:**

*Кеңес мүшесі А. Қабылов:*

- Білім саласында мектеп директоры деп айтар едім. Осыған орай, маман жетіспеушілігі, оның ішінде мектеп директорлары жетіспейді. Қалай бұл мәселені шешудесіздер?

*Аудандық білім бөлімінің басшысы Н. Айжарықов:*

- Орынды сұрақ. Негізі көбісі жауапкершілік алғысы келмейді, білімді мұғалімдер, орынбасарлары бар, мысалы Терісаққан ауылында 2 жылдай болды міндетін атқарушы қызметінде, бірақ ол да бүгін де декреттік демалысқа кетейін деп отырғандықтан оның орнына да міндетін атқарушы керек. Бұлақ ауылында да осындай. Сонымен қатар, Бестау ауылында да орынбасары мектеп директорының міндетін атқару қызметінде. Жақын аралықта Министрліктен кадр бойынша жұмыс жасайтын Сәуле Рахымқызы жиналыс өткізген болатын, сол кезде Президент кадрлық резервінен өткен адам кез келген лауазымға конкурстық барады дегенді. Енді сол үлгіде Министрлік жобаны бастап жатыр. Осыған байланысты резервтегі орынбасарлары сол тізімге тіркедік. Олар 6 ай бойы оқытып, тест алады. Содан өткен мамандар конкурстық алынады делінген болатын. Және де сол кезде айтқан болатынымын, неге директорлар тапшы, себебі директордың айлық жалақысы төмен, қазіргі таңда 180 мың теңге. Ал, категориясы жоқ жаңадан келген мұғалімнің жалақысы 200 мың теңге, сонымен қатар категориясы бар, стажы бар, сағаты толық мұғалімдер 500 мың теңгеге дейін барады. Осыдан 400-500 мың жалақы алып отырған мұғалімдер директорлыққа бармайды. Бұл, тек қана біздің ауданға қатысты емес бүкіл Қазақстан бойынша туындап отырған мәселе. Алдағы уақытта Министрлік директорлық резервін құрып жатыр, сонымен шешіледі деген ойдамын. Сонымен қатар, директор лауазымына бұрын білім басшысының бұйрығымен бекітілетін еді, қазіргі уақытта конкурс жарияланып, кез келген адам қатыса алады.

*Кеңес төрағасы Ж. Жиеналин:*

- Қазіргі таңда жас балалардың арасында кітап оқуы аз. Баяндамаңызда айтылып жатқан жұмыстарыңыз бәрі де жақсы, енді әлде де балаларды кітапқа ынталандыру керек. Ол үшін қаржылай көмек керек, соның жолын таба аласыздар ма? Мысалы, жарыс түрінде ме немесе кітапханадан көп кітап оқыған балалардың тізімін алып, азғантай болса да оқушылардың алдында ынталандырса, көп оқуға құштарлықтары ашылар еді. Жоспар бойынша жасалатын жұмыстар жүргізіледі, алдағы уақытта осыны да ескерсеңіздер.

*Аудандық білім бөлімінің басшысы Н. Айжарықов:*

- Негізі балалармен көптеген жұмыстар атқарылып жатыр, соның ішінде 4 маусым күні өткізілген балалар фестивалінде де жақсы оқитын дарынды балаларға ынталандыру шаралары жүргізілді. Биыл 100 дарынды балаларды Ақтөбе қаласындағы лагерьге жібермекшіміз.

Сонымен қатар, кез келген марапатпен қоса бұрынғыдай планшет, телефон бермейміз қазір бірыңғай кітап сыйлауды дәстүрге айналдырудамыз. Және де 2 жылдай болды олимпиадаға бала дайындаған мұғалімдерге қаржылай қолдау жасап отырмыз. Осы жерде айта кетейін, мұндай жағдай бірде бір ауданда жоқ. Былтырғы жылы 3 миллион теңгені олимпиадаға дайындаған 9 мұғалімге бөліп берген болсақ, биыл 5 миллион теңге көлемінде олимпиададан нәтиже көрсеткен мұғалімдерге сыйақы ұсынбақпыз.

*Кеңес төрағасы Ж. Жиеналин:*

- Қазіргі таңда екінің бірі грамота, медаль дегендерді оңды солды ала беретінді көріп жүрмін. Осыдан шығатын ұсынысым алдағы уақытта алғыс хат, медальдар бергенде қадірін кетіріпалмау жағын қараңыздар!

*Аудандық білім бөлімінің басшысы Н. Айжарықов:*

- Айтуыңыз дұрыс, мен өзім ірі мектептерден 3 адам, кішкентай мектептерден 1 адамнан ұсынсын десем, әр мектеп 10 адамнан береді. Барлығында да өздеріне тән жетістіктері бар. Сондықтан мектеп директорларынан да талап етіледі, мектеп педагогикалық кеңес арқылы іріктеліп қана жіберілсе деп айтылады.

*Кеңес мүшесі Ж. Ерғалиев:*

- Білім сапасы жоғары болуы үшін балалардың жағдайын жасау керек, осы орайда мектеп жөндеу жөнінде не болып жатыр, мысалы Терісаққандағы 60 орындық мектеп әлі де бітпей тұр. Сол жөнінде қысқаша айтып өтсеңіз. Сонымен қатар, жылыту қазандықтары бойынша да не айта аласыз?

*Аудандық білім бөлімінің басшысы Н. Айжарықов:*

- Негізі бүгінгі тақырып білім сапасы болғандықтан материалдық базаны сол салаға дайындаған болатынмын. Жалпы айта кетейін, биылғы 2023 жылға күрделі жөндеу жұмыстарына жоспарға енгізілген Қобда қазақ орта мектебі 115 миллион теңге оның конкурсы өтті. Мердігерлер дайын, қалай емтихандар бітеді, жұмыстарына кірісетін болады. Сонымен қатар, Жиренқопа орта мектебіне 105 миллион теңге ақшасы бөлінді. Конкурс нәтижесі маусым аяғында белгілі болады және ол мектепке де күрделі жөндеу жұмыстары жасалады.

## **2-баяндама бойынша сұрақ-жауап:**

*Кеңес төрағасы Ж. Жиеналин:*

- Қоқыс полигоны бойынша сұрағым: полиганды ұстаушы мердігерлер өздері апарған үшін төлем алады ма?

*Қобда ауылдық округінің әкімі М. Кульниязов:*

- Жоқ алмайды және де бұл шаруа бойынша толық шешілген жоқ, алдағы уақытта әлі де жұмыстанамыз.

**Қосымша баяндамалар бойынша сұрақ-жауап:**

*Кеңес мүшелері:*

- Такси бағасы бойынша қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?

*Аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы К. Тулешева:*

- Бүгінгі таңда Қобда-Ақтөбе, Ақтөбе-Қобда бағытында такси бағасы 1 500 теңгені құрайды. Яғни біздің ауданның такси қызметі қаладағы немесе ауылдағы арнайы аялдамаға емес айтылған мекен-жайына дейін апарады, ал басқа аудандарда тек арнайы бір аялдамаға ғана апарады екен. Сондықтан бұл тиімді баға деп есептеймін.

*Қобда ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Б. Жекеев:*

- Қобда ауылдық округінің әкімімен бірлесе отырып ауылдың такси қызметкерлерімен жиын өткізілді. Сол кезде Қобда ауылының ішінде такси бағасын 350 теңгеден аспайтындығы айтылды. Сонымен қатар, Сарбұлақ ауылында такси қызметі 1000 теңгеге көтерілген деген хабар келгенде ол жақта да халықпен кездесу өткізіліп такси бағасы 700 теңге болып қалдырылды. Бағасы көтерілді деген хабар болған жағдайда, сол ауылға барып халықпен кездесулер өткізіліп келісулер жүргізіліп жатыр.

*Аудандық құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Т. Мадияр:*

- Қобда ауданы бойынша такси және газель бағасы тұрақты. Ақтөбе-Қобда, Қобда-Ақтөбе бағытындағы газель маршрутының бағасы 500 теңге. Сонымен қатар, такси қызметі жолаушыны мекен-жайынан алып кетіп, тиісті мекен-жайға жеткізу бағасы 1 500 теңгені құрайды.

Қоғамдық Кеңес құрамына толықтырулар енгізу бойынша кеңес мүшесі Саренов Бауыржан Мақсотұлының өмірден өтуіне байланысты орнына резервтік тізімнен алынады. Резервте 7 адам бар (тізім қосымша тіркелді).

*Дауыс беру:*

Кеңес төрағасы Ж. Жиеналин: В.А. Власенко

Кеңес мүшесі Н. Кереймағамбетов: - В.А. Власенко

Кеңес мүшесі Ж. Ерғалиев: - В.А. Власенко

Кеңес мүшесі М. Кустуртова: - В.А. Власенко

Кеңес мүшесі А. Қабылов: - В.А. Власенко

Кеңес мүшесі А. Темірбай: - В.А. Власенко

Барлық кеңес мүшелерінің келісімімен Қобда аудандық Қобыланды батыр атындағы мектебінің мұғалімі Власенко Валерий Алексеевичке бір ауыздан дауыс берілді.

### **Қобда аудандық Қоғамдық Кеңесінің ҰСЫНЫСЫ:**

1. Қоғамдық Кеңес мүшелерінің отырысқа кешікпей келуі және қатысуы;
2. Қобда ауылдық округінің әкімдігіне қоқыс төгу және полигон бойынша бағаларды нақтылау барысында жұмыстар жүргізу;
3. Аудандық білім бөліміне:
  - балаларға кітап оқуға шақыру мақсатында қосымша ынталандыру жұмыстарын жүргізу;
  - мұғалімдерді мемлекеттік марапатқа ұсынғанда жетістіктерін егжей-тегжейлі қарап, нағыз лайықты мамандарға беру жұмыстарын жүргізу;
  - білім сапасын жақсарту бойынша жұмыстар жүргізу;
  - білім беретін орындарда, яғни мектептерде жылыту жүйелерін/қазандықтарын қысқы маусымға қазіргі сәттен бастап дайындау жұмыстарын жүргізу;
4. Аудандық кәсіпкерлік бөлімі, Қобда ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы, аудандық құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімдеріне такси бағасын өсірмеу және бірқалыпта ұстау бағытында түсіндіру жұмыстарын жалғастыру;
5. Резерв тізіміндегі В.А. Власенконы Қоғамдық Кеңес мүшелігіне қабылдау.

**Қоғамдық Кеңес төрағасы**



**Ж. Жиеналин**

**Хатшы**



**А. Қабақбаева**

№24  
(7005)

15 маусым  
бейсенбі  
2023 жыл

# QO

Қобда ауданының газеті

ҚОҒАМ



## САПАЛЫ БІЛІМ ҮШІН БІЛІКТІ КАДР КЕРЕК

Күрмеулі жайлардың шешілуіне арқау болып отырған қоғамдық кеңестің отырысында қаралған тақырыптар да өзекті болды.

Ең алдымен кеңесте білім бөлімінің басшысы Нұрлыбай Айжарықовтың баяндамасы тыңдалып, білім жүйесіндегі өзекті жайларға тоқталды. Нұрлыбай Өзбекұлы білім ордаларының білім сапасы бойынша көрсеткіштерінің жоғары өкендігін алға тартты. Білім олимпиадаларында, түрлі маңызды байқауларда жеңіске жеткен оқушылар төңірегінде мәлімет берді.

Кеңес мүшелері тарапынан директорлардың бос лауазымдары, жалпы кадр тапшылығы бойынша сауалдар қойылды. Бұған білім бөлімінің басшысы кадр мәселесін шешу үшін қолға алынған мемлекеттік бағдарламалардың қолға алынғанын айтып түсіндірді.

Содан кейін Қобда ауылдық округінің өкімі Марат Құлниязовтың аудан орталығының санитарлық тазалығы, абаттандыру, жасыл желектендіру бойынша атқарылған жұмыстар жайындағы хабарламасы тыңдалды.

Кеңесте талқыланған тағы бір қоғамдық маңызы зор мәсе-

ле қоғамдық көлік пен такси қызметінің бағасы жайлы болды.

Биылғы жылы такси қызметінің өсіп кетуі тұрғындардың қалтасына салмақ салып отырғаны белгілі. Осыны реттесе деген ұсыныс-тілектер шалғай ауыл тұрғындарының тарапынан да жиі сөз болып жүр.

Такси қызметін ұйымдастыру тәртібі мен заңдылықтар бойынша кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Күнзия Тулешова, Қобда ауданы бойынша мемлекеттік кіріс басқармасының басшысы Болат Жекеев кеңінен атып түсіндірді.

**Талғат Бағыбергенұлы.**



еткі  
бір  
бле  
жә  
эти  
пі  
е  
алд

өм  
өкі  
де  
кел  
бол  
Ау